

Түркістан облысы Білім басқармасы
«Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» МКҚК
қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары
нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына жария талқылау
ХАТТАМАСЫ

Ескі Иқан ауылы

20.06.2024

Жиналыс төрайымы:

«Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны (Бұдан әрі - кәсіпорын)
директоры м.у.а А.Жабаева

Хатшы:

С.Ибрагимова

Қатысқандар:

Қазақстан Республикасы Мәдениет қайраткері,
Түркістан облыстық Ақсақалдар кеңесінің мүшесі,
Түркістан қаласының құрметті азаматы И. Аббазов,
Сауран ауданы қоғамдық кеңесінің мүшесі Т.Шералханов,
колледж ата-аналар комитетінің төрағасы Р. Аббасов
Кәсіпорынның әкімшілік жұмыскерлері,
ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ құрамы

Күн тәртібінде:

1. Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау.

Жиналыс төрайымы А.Жабаева 2024 жылғы 17 мамыр- 28 маусым аралығына жоспарланған Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығын орындау мақсатында кәсіпорынның 2024 жылғы 06 мамырдағы №12-Н бұйрығы мен құрылған топпен сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына жол беретін себептер мен жағдайларға ішкі талдау жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Нәтижесінде кәсіпорынның персоналды басқару қызметінде жұмыс тобымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша баяндамашы комплаенс қызметіне жауапты маман С.Ибрагимова сөз сөйледі.

Баяндамашы кәсіпорынның персоналды басқару қызметіне қатысты ішкі талдау жүргізу барысында жұмысшы топпен бір қатар кемшіліктердің анықталғанын айтты:

Атап айтқанда:

1. Кәсіпорынға маусымдық жұмысқа қабылдау жөніндегі бұйрықты рәсімдеу кезінде ҚР Еңбек кодексінің 30,34 баптарына сәйкестігі көрсетілген, алайда 30-баптың 5-тармақшасына сәйкес, маусымдық жұмысты орындау уақытына, деп ашып көрсетілуі керек еді.
2. Кәсіпорында шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығының талаптары сақталуына назар аударылып, мемлекеттік ұйымдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген құжатының қағаздағы бланкілері есепке алынуы тиіс, ол үшін құжат бланкісінің әр бір данасының оң жақ төменгі бұрышына типографиялық

тәсілмен немесе нумератормен оның нөмірі, қажет болған кезде сериясы қойылады. Кәсіпорын мен шығарылатын бұйрықтар өкімдік құжат болып саналатын болғандықтан, бланкілері арнайы полиграфия құралдарының көмегімен баспаханалық тәсілмен дайындалу және қатаң түрде есебі жүргізілуі қажет. Жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында еңбек қатынастарының басталуы да, аяқталуы да бұйрық пен бекітіледі, яғни кәсіпорындағы жұмыскерлердің нақты санын айқындайтын акт болып табылғандықтан, қатаң түрде есебі жүргізілуі қажет. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады.

Жиналыс төрайымы А.Жабаева сөзді қорытындылап, күн тәртібіндегі талқыланған мәселе өзекті екендігін айтып, қатаң бақылауға алу қажеттілігін тапсырды. Заңнама талаптарын сақтауды қатаң ескертті.

Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау жүргізу жиналысы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша айықталған кемшіліктерді жою мақсатында жұмыстар жасалсын.

Жиналыс төрайымы:



А.Жабаева

Жиналыс хатшысы:

С.Ибрагимова